

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 31 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4068

Нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін келісу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күшін жойғандығын тану және өзгерістер енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2004 жылы 12 маусымдағы N 159 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2955 тіркелген):

1 және 2-тармақтар алынып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 385 қаулысымен (04.02.2012 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 385 қаулысымен (04.02.2012 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Заң департаменті (Байсынов М.Б.):

1) осы қаулы қабылданған күнінен бастап жеті күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу және
қадағалау агенттігі Басқармасының
2006 жылы 9 қаңтардағы N 20 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесін бекіту туралы" 2000 жылы 31 қаңтардағы N 15 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1073 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылы 31 қаңтардағы N 15 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 2001 жылы 20 сәуірдегі N 107 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1533 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылы 3 маусымдағы N 207 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1906 тіркелген, 2002 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, N 45-46).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1073 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесін бекіту туралы" 2000 жылы 31 қаңтардағы N 15 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2002 жылы 26 қарашадағы N 470 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2112 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктерді лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2003 жылы 27 қазандағы N 380 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2589 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1906 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылы 3 маусымдағы N 207 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2638 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ломбардтарды ашу, қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесін бекіту туралы" 2004 жылы 16 ақпандағы N 43 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2765 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, N 29-32).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктерге арналған пруденциалдық нормативтерді, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептердің нысандарын және ұсыну мерзімін белгілеу туралы" 2004 жылы 12 шілдедегі N 199 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2994 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, N 41-44).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иеленуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылы 3 маусымдағы N 207 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылы 27 қарашадағы N 323 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3311 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, N 3-8).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ломбардтарды ашу, қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ережесін бекіту туралы" 2005 жылы 26 ақпандағы N 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылы 26 наурыздағы N 97 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3579 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктерге арналған пруденциалдық нормативтерді, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептердің нысандарын және ұсыну мерзімін белгілеу туралы" 2004 жылы 12 шілдедегі N 199 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылы 25 маусымдағы N 228 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3749 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК